



XFTAP 04.41.41

**Н.О. Байғабылов**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: n.baigabyl@mail.ru)*

**«Үш аймақ» қозғалысының батыры - Тәкіман  
(биографиялық зерттеудегі нарративті сұқбат әдісі)**

**Андатпа.** Ғылыми мақалада XX ғасырдың 1-ші жартысында Шығыс Түркістан аймағын мекендеген қазақ халқына Қытай империясы тарапынан жүргізілген отаршылдық саясаттың саяси-экономикалық және әлеуметтік әсері жайлы тарихи-әлеуметтанулық шолу жасалған. Автор Қытай Халық Республикасының батыс шекарасындағы Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтарының аталған тарихи кезеңдегі демографиялық этникалық құрамына әлеуметтанулық-саяси сараптама жасайды.

Ғылыми мақалаға арқау болған отаршылдар әскерімен шайқасып, мұзды асуды асқан қазақтың қаралы көшінің жетекшісі, ұлт болашағы үшін қанды қырғында басын тіккен Тәкіман батырдың өмірбаяндық тарихы. Үш аймақ көтерілісіндегі партизандық қозғалыстың жетекшісі болған Тәкіман батырдың әмбебаптық қырлары сипатталады. Қазақ диаспорасының тарихындағы бұл тарихи кезең ақтаңдақ тұстарын ашу мақсатында әлеуметтану ғылымындағы биографиялық зерттеудегі нарративті сұқбат әдісі, хронологиялық, салыстырмалы-тарихи (компаративті) әдістермен ұштастырылып қолданылған.

**Түйін сөздер:** Шығыс Түркістан, көші-қон, қазақ диаспорасы, Тәкіман батыр, азаттық қозғалыс, нарративті сұқбат.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-127-2-152-160>

**Кіріспе.** Бүгінде Түркия және батыс Еуропада қалыптасқан қазақ диаспорасының арғы аталары Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтарын, яғни Шығыс Түркістанды мекендеген этникалық қазақтар. XX ғасырдың 1-ші жартысында Қытай империясы тарапынан Шығыс Түркістан өңірі саяси-экономикалық және әлеуметтік қыспаққа ерекше түсті. Аталған аймақта қоныстанған қазақтар еркіндікті аңсап ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, нәтижесінде өз Атажұртын тастап көшуге мәжбүр болды.

Отаршылдар әскерімен шайқасып, Такла-Макан шөлін, Тибет, Гималай тауларын асып, Үндістан мен Пәкістан, Кәшімір жерлерінен басып өткен «қаралы көш» тарихы бойынша зерттеулер жарық көруде, бірақ та ғылыми зерттеулерге қарағанда публицистикалық әдебиеттер басым. Түркиялық профессор, тарих ғылымдарының докторы Әбдіуақап Қара мырза да «Түркия қазақтарының көш тарихы туралы зерттеулер әлі мардымсыз» деп атап көрсетеді [1, 5 б.].

**Мақсаты.** Ұлт болашағы, елдің егемендігі үшін азаттық жолындағы қанды қырғында басын тіккен қазақ батырларының ерліктері бүгінде зерттеліп, тарихи өз бағаларын алуда, бірақ та тасада қалып жатқан батырлар да бар. Солардың бірі халық арасында өзіндік беделге ие - Тәкіман батыр. Қазақ диаспорасының тарихындағы бұл ақтаңдақ кезеңдерді

әлі де ғылыми тұрғыда жүйелі зерттеу қажет.


**Зерттеу тарихы.** Тарихи деректерде шығыс Түркістан тарихы бойынша «Үш аймақ» ұлт-азаттық қозғалысы барысында үзік-үзік Тәкіман батырдың аты кездеседі. Батыр жайлы бұған дейін арнайы зерттеулер жасалмағандықтан, ұсынылып отырған ғылыми мақала тарихи-әлеуметтанулық алғашқы зерттеулердің бірі.

**Зерттеу әдістері.** Ұстанған басты әдіс биографиялық зерттеудегі нарративті сұқбат әдісі болды. Неміс әлеуметтанушысы Ф.Шютце 1975 жылдары әлеуметтанулық жоба аясында нарративті сұқбат әдіснамасын жетілдіріп, бүгінде биографиялық зерттеуде әлеуметтанудағы сапалы әдістер арасында кең танымал. Мақаланың тақырыбын ашу барысында мұрағат құжаттары, ғылыми, публицистикалық әдебиеттер арқылы кейіпкеріміздің өмір сүрген тарихи кезеңінің саяси-экономикалық, әлеуметтік келбеті жасалып және әлеуметтану ғылымындағы биографиялық зерттеудегі нарративті сұқбат әдісі хронологиялық, салыстырмалы-тарихи (компаративті) әдістермен ұштастырылып қолданылды. Тақырыптың аясында аталған әлеуметтанулық әдістің әлеуетінің зор екендігін ескеріп, әлеуметтану ғылымындағы сапалы әдістердің әдіснамасына баса мән бердік. Зерттеу барысында қазақ көшіне және Тәкіман батырға тікелей байланысты 30 респонденттен сұқбат алынып, ұсынылып отырған мақалада 6 респонденттің сұқбаты өңделіп қолданылды. Ғылыми мақаланы тарихи-әлеуметтанулық тұрғыда жүйелеуде батырдың немересінің (Түркия азаматы, Ыстамбұл қ. тұрғыны, Тәкіман, 44 жас) 2012 жылдан бастаған жеке зерттеулері де зор үлес қосты.

**Нәтижесі.** «Тәкіман батыр ол кім?», - деген сауалға жауап бермес бұрын, батырдың өмір сүрген ортасы Үш аймақ өңірінің тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайына шолу жасау қажет.

«Үш аймақ» - Жоңғар ойпатын қоршай орналасқан Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтары айтылып отыр. Бұлар Қытайдың батыс шекарасына Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданының батыс солтүстігіндегі ұлан байтақ өңірге жайғасқан. ХҮІІІ ғасырдың әкімшілік бөлінісі бойынша Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтарының басқарылу құқығы орталыққа (Бейжіңге - автор) төте қарайтын еді. Себебі, бұл аймақтардың өзіндік шекаралық табиғи ерекшеліктері болды.

Қожай Доқасұлының Бейжіңде Ұлттар баспасынан 1996 жылы жарық көрген «Офицердің қойын дәптерінен» жазбаларында: Іле облыстық мұрағатының дерегі бойынша: Үш аймақтың жер көлемі – 350000 мың шаршы км. 1944 жылғы Шыңжан өлкелік Қауіпсіздік қорғау басқармасының санағы бойынша Үш аймақтағы жалпы адам саны – 725 мың 948 адам, басым бөлігін қазақ ұлты құраған (сүрет 1).



Сүрет 1. Үш аймақтың ұлттық құрамы

Қазақтар – 377 204, ұйғырлар – 103 205, қытайлар – 56 221, моңғолдар – 43 164, дүңгендер – 21 399, орыстар – 18 522 болса, бұлардан тыс: татар, өзбек, қырғыз, тәжік, сібе, дағұр сияқты этникалық азшыл ұлттар болған. Шыңжандағы ұлттарға байланысты Қытай губернаторлары үнемі құйтұрқы, яғни ұлттарды өзара қарсы қойып не бөліп-жару саясатын ұстанды [2,157-158 бб.].

Үш аймақ өлкесі - қоңыржай, жауын-шашыны мол түсетін, топырағы құнарлы жер. ХІҮ-ХҮ ғғ. өмір сүрген Асан Қайғы әулие: «Асты да, үсті де алтын, ат тұяғымен тозатын жер», - деген екен. Расында, аталмыш өңір талай жылдарға созылған ат тұяғы астында қантөгістерді де бастан кешірді және Ресейдің, Қытайдың және Гоминьдан үкіметтерінің де отаршылдық саясатын сезінді.

Қожай Доқасұлының Бейжіңде Ұлттар баспасынан 1996 жылы жарық көрген «Офицердің қойын дәптерінен» жазбаларында: 1944 жылдың 12-ші қарашада Гоминьдан үкіметінен қарулы күрес нәтижесінде Іледегі Құлжа қаласы тартып алынып «Шығыс Түркістан» үкіметі құрылады. 1944 жылдың күзі мен 1946 жылдың көктеміне дейінгі аралықта «Үш аймақ» Шығыс Түркістан деп аталды [2, 159 б.].

1930 жылдары Шыңжан өлкесінің губернаторы Цзинь-Шужэннің көмекшісі болып келген Шэн ши-цай, 1933 жылы бүлік нәтижесінде билікке келіп, 1944 жылға дейін Шыңжан өлкесін басқарды («Шыңжан королі» деген лақап атауы болған) [3, 239 б.]. Шэн ши-цай билігімен Шыңжан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыстар, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тікелей байланысты болды. Шэн ши-цай қабілетті саясаткер және Маньчжурлық катігез офицері деп сипатталды [4, 910 б.].

Шэн ши-цайдың жеке ұстанымымен қатар КСРО, Қытай, Ұлыбритания және Жапония сынды империялардың отаршылдық, астарлы жүргізген саясаттары жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын тұрақсыздандырды. Қытайдағы КСРО елшісі Г.А.А-пресовтың Мәскеуге жазған хаты «...*Шыңжанға жасалған біздің әр әрекетіміз ақталады, Шыңжан саяси-стратегиялық маңыздылығымен қатар оның бай аудандары бізге шикізат және ет қоры болады. Таусылмас байлығын өндеу Шыңжанға бай-бақуатты болашақты нәсіп етеді. Шыңжанның көмір мен мұнайға мұқтаждығын пайдаланып, біз Түрксиб және Орта Азия республикаларымен қатар Батыс Сібірдің сұранысын қамтамасыз ете аламыз. Шыңжанда 26 ауданда алтын, қалайы, радий және басқа да құнды және қажетті рудалар біздің Шыңжан үкіметіне жіберген шығынымызды ақтайды...*» [5, 48 б.] Шыңжан өлкесіндегі Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтарын мекендеген қазақтардың саяси-экономикалық әлеуметтік ахуалын жақсы байқатады. Осы бағытта ғылыми, мағлұматы мол зерттеу ретінде Түркиялық, Стамбул университетінің доценті Өмер Құлдың докторлық диссертациясын атап кету керек [6, 162 б.].


1940 жылдың ақпан айынан 1947 жылдың шілде айы аралығында Гоминьдан үкіметіне қарсы Тарбағатай, Іле, Алтай халқының «Үш аймақ төңкерісі» деген атпен халық азаттық қарулы көтерілісі тарихқа енді Жалпы Қытайдың отаршылдық саясаты салдарынан 1759-1949 жылдар аралығында Шыңжаң территориясында төрт жүздей наразылық көтеріліс болған.

Отаршылдық қысымдар бұл өңірде қатты сезінген қазақтар және де бас көтеріп қарсылық танытқан басымшылықта қазақтар тарапынан болған. Үш аймақтағы қазақ ұлтының басым болуы да жергілікті болып жатқан саяси-әлеуметтік ахуалға жауапты ұлт ретінде кез-келген саяси оқиғалардың алдында болуы түсінікті. Қытайтанушы профессор К.Сыроежкин өз зерттеуінде «Іле, Алтай және Тарбағатай аймақтарының қазақтары азаттық жолындағы Шыңжан өлкесінің иесі ретінде өздерін таныды, қарулы жорықтар хандықтар мен ұйғырларға бағытталып тұрды» [7, 79].

Осы тұста ғылыми мақаламызға арқау болып отырған (керей руынан шыққан, сүйегі Көнсадақ) Тәкіман батыр - Еренқабырға тауындағы қарулы көтерілісте тарих сахнасына

шығады.

«Үш аймақ қозғалысындағы - Тәкіман батыр кім?» деген сауал ортаға шығады. Бұл сұраққа жауап ретінде, 2010 жылы Қытайда Үрімші қаласында баспадан шыққан Көнсадақтар шежіресіндегі (ىسەرى جەش راتق اداسنۇڭ، ىعىلر روتكەدەر ىتپاۋاج، م ىلۇكىلى) кітапта [8, 320 б.] (сурет 2) батырдың шежіресі де таратылады.



Сурет 2. Тәкіман Жақыпұлының өмірбаянына байланысты деректер

Аталған кітапты негізге алсақ, Тәкіман батырды абақ керей ішінде – көнсадақтан таратады. Әкесі Жақыптан ағайынды екі ұл болған – ағасы Зүкетай және Тәкіман. «Көнсадақтар шежіресі» кітабында батырдың отбасылық өмірбаянына байланысты қателік кеткен, №10 тізімде Тәкіман әйелі Мүлия, балалары Абай, Қали, қызы Бәтіш деп көрсетілген. Бұл мәліметте балалары дұрыс көрсетілген, ескертетін жайт батырдың екі әйелі болған, бұл деректе келтірілген (320 бетте, №10 тізімде) Мүлия – тоқалы болған және батыр Мүлиядан ұрпақ көрмеген.

№1 респондент, Ұлыжан жайлауының тұрғыны, тарихтағы Қалибек көшінің куәгері Хайни әже (Әкесі уақ Нұрмұхаммед молда) сұқбатынан үзінді: «...Мен Тәкіман батырды 7 жасымнан білемін. Үлкен әйелінің аты Шөкен. Шөкеннен туған: Абай, Қалидан кейін ұлы Мұхаммед Сарыжонда ыс тиіп өлді. Кенжесі Бәтіш. Мүлия - батырдың бергі әйелі. Менің шешемнің немерелес сіңлісі, Есдәулеттің қызы болады. Ол кісіден бала жоқ... Бәтіш жастай 2,5 жасында Шөкеннен емшекте қалды. Көш жолында менің шешем мен Мүлия кезектесіп бақты...

*...Шөкеннің қайын жұрты төрт атты ерттеп алып келінті. Менің әке-шешем бар барлығы салтанатпен Шөкеннің ауылына кетті. Оны Шөкен ауылы дейді. Тәкіманның үлкен бәйбішесі, өзі тоқалы Мүлиямен Үрімшіде тұрды...».*

Бұл жайлы Хасен Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» естелік-кітабында дерек келтірілген: *«...Ұзақ жылдардан бергі жат жұрттық қысым-зомбылықтан құтылып, өз көлеміндегі соғысты да жеңіспен аяқтаған біздің Қызылөзен мен Ұлыжан елінде сол 46-47 жылдары әлгі «қазақ байыса қатын алады, сарт байыса там салады» – дейтін сипаттаманы айқындайтын құбылыстар да баршылық болатын. Жоғарыда айтылғанындай, әкем 1945 жылдың аяғында тоқал алған-ды. Сол үлгі болды ма, әлде жаңа айтылған атамыз қазақтың мақалының дәлдігі ме Тәкіман, бала Хамза, семіз (кей деректерде үлкен Хамза делінеді) Хамза және Қайнаш пен Қайрақбайдың Ахметі кейіндеп біздің Ілияс аға мен Байқонақтың Омары тоқал алды...» [9, 184 б.]*


Сондықтан, «Көнсадақтар шежіресі» кітабындағы ақпарат қате берілген. Тәкіман батырдың бәйбішесі - Шөкен, тізімде көрсетілген үш баласы -Абай, Қали, Бәтіш осы Шөкен бәйбішесінен тараған. Бұл мәлімет сұқбат барысында респонденттер тарапынан (Тәкіман батырдың ұрпақтары және туыстары, көштің куәгерлері тарапынан) бірнеше рет нақтыланды.

№2 респондент, Тәкіман батырдың балдызы (Алтай аймағынан Қазақстанға көшіп келген, Алматы облысының тұрғыны Нұрлан ақсақал) *«...Тәкіманның үлкен әйелі Шөкеннің менің әкемнің қарындасы, бірге туған. Барлық деген кісінің баласы болады. Менің әкем әйел алып бөлек шыққанда, әкеме еңшісі ретінде қарындасын қолғанат қылып берген. Қытайдың Сауан деген жерінде тұрған екенбіз, содан Тәкіман батырға апайымызды ұзаттық... әкем ертерек қайтыс болды, кейін шешем де айтып отыратын бір қайың сіңілімді Тәкіман дегенге беріп едік, олар шетелге кетіп еді, өлі-тірісін білмейміз...».*

№3 респондент, Тәкіман батырдың немересі (үлкен ұлы Абайдың қызы Севим, Түркия азаматы, Измир қ.):

*« ...Тәкіман батырдың бәйбішесі Шөкен болған. Балалары: Абай (1937 ж.), Қали (1939 ж.), үшінші ұлы Мұхаммед көш жолында ыс тиіп өлген (1951 жыл мөлшермен), кенжесі қыз – Бәтіш, Қазақтың тойы болған кезде туған дейді (автор: Шығыс Түркістан тойы 1946 жылы)... Мүлия әжемді көзім көрді. Қалибек хәкімнің тоқалы болған. Біздің әкеміз, бауыр қарындасымен (автор: Қали, Бәтіш) баласы ретінде жазылған екен. Мүлия әжеміз айтушы еді: «... Шөкен өлгенде қолымды ұстап Мүлия балаларым саған аманат, ертең қияметте сұраймын» деген...».*

Бұл жайлы Хасен Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» естелік-кітабында дерек келтірілген: *«...Әкем сол кезде Кәшір астанасы Сринагер (автор: Сринагар) қаласында тұрған барлық қазақтардың тізімін де жасатқанды...» [9, 145 б.]*



Сурет 3. Кәшмір астанасы Срінагер қаласындағы қазақтар тізімі

Түркияға көшу мақсатында құжат реттеу барысында көштегілер тізімі жасалып (сурет №2) төте жазумен толтырылған құжаттағы тізімде №9 орында «Мүлия, 32 жаста әйел, ері жоқ жесір. №10 Абай Тәкіман – 15 жаста, Қали (13 жаста болуы керек) аттары көрсетілген. Яғни бұл құжат негізінде Тәкіманның ұрпақтарының тізімі нақты көрсетілген.

Тәкіман батырдың өлімінен кейін жесір қалған Мүлия кейін бәйбішесінің аманатын орындап үш баланы бауырына басып, аман-есен Түркияға жеткізеді. Алғашқыда көшпен келген қазақтармен Ыстамбұл қаласындағы қонақханада орналасып (автор: түрікше misafirhane, бейімдеу орталықтары), кейін Измирь қаласына барып қоныстанады. Бүгінде, Тәкіман батырдың ұрпақтары: ұлдары (қайтыс болды) Абай мен Қалидың балалары Ыстамбұл мен Измирь қаласында, қызы Бәтіш Германияда өмір сүруде.

Ғылыми зерттеу жұмысымыз барысында «Тәкіман батыр кім?» деген жеке бейнесін ашуға тырыстық. Тәкіманда әмбебап батыр болғаны, яғни ел арасында - батыр, мерген және молдалық білімі, ора мектептегі ұстаздық қызметтік қырлары мен қатар жол барлаушылық қасиеттері баса айтылады. «Тәкіманның жайлауы», «Тәкіманның көкталы», «Тәкіман әскер қырған», «Тәкіман асуы», «Тәкіман ауылы» және «Шөкеннің ауылы» деген атаулардың халық арасында айтылуы үлкен әлеуметтік-саяси мәні бар. Тәкіман батырдың жеке тұлғалық қасиеттерінің ерекшелігін, халық арасындағы беделі де байқалады.

№2 респондент, Тәкіман батырдың балдызы (Алтай аймағынан Қазақстанға көшіп келген, Алматы облысының тұрғыны Нұрлан ақсақал) «...Мен Қытайда да, кейін Түркияға барғанда да үнемі Тәкіман жайлы сұрастырып жүрдім. Түркияда Тәкімандар көшінде 22 жасар жігіт Мәделім Шалышханмен әңгімелестім, оның айтқан естелігі: «Тәкіман батыр біздің жерімізді қорғап, елімізді көште бастап жаулардан аман сақтап әкелген...».

Зерттеу жұмысымызда Тәкіман батырдың жеке бейнесі де қалыптасты, яғни сұқбат барысында респонденттер тарапынан Тәкіман батыр - біртоға, сабырлы, орта бойлы

тығыршықтай жігіт деп сипатталды.

Жетінші атты полктің хатшысы қызметінде болған Байжұма Берікболұлы естелігінде: «...ересек, сақа жауынгерлер Қалибек, Тәкіман батыр біздің қарулы күшті көргенде қуанды....Қалибек, Тәкіман, бала Хамза жауға төтеп беріп, қан қарызына батқан жауыздардан кек қайтарып, өздері білетін жер жағдайын пайдаланып, жауды өкшелей қуып тұйықтарға қамап, көбін жайратып салды. Тәкіман құралайды көзге атқан мерген екен, жиырма бес оқпен жиырмадан астам жауды сұлатты...» [2, 168 б.].

Байжұма Берікболұлы өз естелігінде «ересек, сақа жауынгер ....» деп Тәкіман батырға деп баға беруі тәжірибелі, ел арасындағы беделі бар екені байқалады.

№4 респондент, Көксеген ақсақал (Қалибек хәкім көшіндегі 17 жастағы бала, Салихлы қ. тұрғыны):

*«...Қытай қамап тастап қазақтар тауға қашып шыққанда, Қызылөзен тұсында Жыланды асуында Тәкіман батыр жалғыз өзі тек мылтықпен қытайларға қарсы бетін қайтарған. Осы асуда Тәкіман батырлығымен беделі өсті...»*

№5 респондент, Ахлима апа (көште 9 жас, бала Хамзаның қызы, Қалибек хәкімнің келіні, Салихлы қ. тұрғыны):

*«...Тәйрин деген ...бір ауылды қытайды... қазақтардың барлық әңгімесін жеткізіп отырған, жансыз яғни штион болғаны... Қытайдан көшпекші деп талай ағайынды сатып жібергені үшін қытайларды біздің қазақтың 10 шақты жігіттердің шоқпармен барып қырған Тәкімандардың батырлығы болған...»*

Тарихта белгілі Шың шы цай үкіметі халыққа өктем, қанау саясатын жүргізе отырып, халықтың қозғалып, өзіне қарсы шығуынан сақтану үшін 1939 жылдың қазан айынан бастап халық қолындағы қару-жарақты жинап алу әрекетін жүргізген. Мылтықтармен қатар соғым пышақтары да (бір қарыс келетін пышақтар да) жиналған. Күнделікті тұрмыс тіршілігінде «пышақ, мылтық» қазақтар үшін өте қажетті заттар, яғни «мылтық жинау әрекеті» және қазақтар ішіне ендірілген қытай жансыздарының әрекеті Тәкімандар тарапынан тек наразылықты күшейтті.

Тәкіман батырлығымен қатар, географияға, яғни жер бедерін жетік білгені белгілі, Шығыс Түркістан өңірінде партизандық қозғалыста ерекше көзге түседі. Батырдың тәжірибелілігі, жергілікті жер бедерінде жетік білуі, тек аңшылар аяғы басқан он екі ай мұз басып жататын Мұзды тау асуларынан киіз туырлықтарды төсеп отырып түйелі көшті өткізуі тәжірибелі батырға тән әрекет. Хасен Оралтайдың «Естеліктерінде» Тәкіман батырдың адам сенгісіз Мұзды асуды асқан көші қысқаша аталып кетеді [9, 278]. Бұл «түйелі көште» болған 14 жастағы Тұрсын ағаның естеліктері (респондент №6, Алматы қаласының тұрғыны Ерболат Тұрсынұлы) Тәкіманның батырлығын нақтылай түседі.

Респонденттермен сұқбатта және Хасен Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» кітабында «қаралы көш» жолында Тәкіман батырдың бүгінгі Шыңжан Ұйғыр автономиясы аумағындағы, яғни Қытайдың оңтүстік-шығыстағы Қашғар жазығындағы Лоп Нор көлі мен батысындағы әлемнің ірі шөлі Такла-Макандағы барлау, шолғыншылық қызметі де ерекше айтылады.

**Қорытынды.** Ғылыми мақалада кешегі Шығыс Түркістан өңірінен отаршылдық қыспақ салдарынан қоныс аударған қазақ көшіне тарихи, саяси-әлеуметтанулық сараптама жасау талпынысы болды.

Мақаланың басты кейіпкері ретінде алынған «Үш аймақ» батыры Тәкіманның әмбебаптылық, яғни жан-жақты қасиеттілік қырларын бір ғылыми мақала аясында толық ашу мүмкін емес. Қазақтың «қаралы көші» аталған көштің тарихына және Тәкіман батырдың ерлік өміріне арналған ғылыми зерттеулер өз жалғасын табуы тиіс.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қара Ә. Қазақтардың Түркияға көші (Қожан уәзір ақсақалдың ауызша деректері) - Алматы: Орхон, 2016.-136 б.
2. Жұртбай Т. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Шығыс Түркістандағы «Үш аймақ» төңкерісі туралы аз аял. - Астана: Ел шежіре. - 2009. –Т. 14. - 360 б.
3. Andrew D. W. Forbes. Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: a political history of Republican Sinkiang 1911-1949.-Cambridge, England: CUP Archive, 1986.- 251 б.
4. Hedin S. The Flight of «Big Horse»: The Trail of War in Central Asia. New York: E. P. Dutton, 1936. - 910 б.
5. Жирнов Е. Он может рассчитывать на поддержку СССР // Коммерсантъ Власть. - №5 от 09.02.2015, С.48. - URL: <http://www.rgakfd.ru> - Российский государственный архив кинофото-документов (РГАКФД) (дата обращения: 11.05.2019).
6. Ömer K.«Osman batur ve Doğu Türkistan Milli Mücadelesi (1941-1951)» 1942 - 1946 arasında doğu Türkistan halkının durumu// doktora tezi Istanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Istanbul 2009. - 464 б.
7. Сыроежкин К. Мифы и реальность этнического сепаратизма в КНР и безопасность Центральной Азии. Алматы, Дайк Пресс, 2003.-239 с.
8. 201-تەب 476 \_ سەپسابقىلىق جەمئىيەت \_ سەپسابقىلىق جەمئىيەت راتتاداس نۇك، ىلى روت كادەرى تەپاۋاج. مەلىۇكىلا (تەتە جазумен баспадан шыққан: Көнесадақтар шежіресі Үрімші:-2010.-476 б.)
9. Оралтай Х. Елім-айлап өткен өмір. - Алматы: Білім. 2005. - 632 б.

**Н.О.Байгабылов**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан*

### Батыр движений «Уш аймақ» - Такман

**Аннотация:** В статье представлен историко-социологический обзор колониальной политики Китайской империи по отношению к народу, населявшему Восточный Туркестан в первой половине XX века. Выполнен анализ демографическо-этнического состава регионов Или, Алтай и Тарбагатай в западной части Китайской Народной Республики. Исследование посвящено жизни Такман батыра, одного из лидеров партизанского движения Уш аймакка, и его многогранной личности. Такман батыр, ставший путеводителем для казахской откочевки, воюя с карательными отрядами, ценой своей жизни провел людей через ледяной перевал. В исследовании истории казахской диаспоры используются сравнительно-исторический (компаративный), хронологический методы, нарративное интервью биографического исследования в социологической науке.

**Ключевые слова:** Восточный Туркестан, миграция, казахская диаспора, Такман батыр, освободительное движение, нарративное интервью.

**N.O. Baigabylov**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### Hero of the «Three Zones» movement – Takman

**Abstract.** The article presents a historical and sociological review of the colonial policy of the Chinese empire to the people who inhabited East Turkestan in the first half of the twentieth century. The analysis of the demographic and ethnic composition of the region of Ili, Altai and Tarbagatai in the western part of China.

Research is devoted to the life of Takman Batyr, one of the leaders of the partisan movement Ush Aimak, his many-sided personality. Takman batyr, as a guide to the Kazakh migration, at the cost of his life,

fighting with punitive detachments, led people through the ice pass. In the study of the history of the Kazakh diaspora are used comparative historical (comparative), chronological methods, narrative interview of biographical research in sociological science.

**Keywords:** East Turkestan, migration, Kazakh diaspora, Takman batyr, liberation movement, Narrative interview.

### References

1. Kara A. Kazaktardyn Turkijaga koshi (Kozhan uazir aksakaldyn auyzsha derekteri) [Migration of Kazakhs to Turkey] (Orhon, Almaty, 2016).
2. Zhurtbay T. Kazak ult-azattykko zgalysy. Shygys Turkistandagy "Ushaimak" tonkerisitalyazajal [Kazakh national liberation movement. Short stop about the "Three Zone" revolution in East Turkestan], El shezhire [Country Chronicles], 14, 360 (2009). [In Kazah].
3. Andrew D. W. Forbes. Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: a political history of Republican Sinkiang 1911-1949. -Cambridge, England: CUP Archive (Cambridge, England: CUP Archive, 1986).
4. Hedin S. The Flight of «Big Horse»: The Trail of War in Central Asia (Dutton, New York, 1936).
5. Zhirnov E. On mozhet passchitovat' napodderrzhku SSSR [It can be counted on the support of the USSR], Kommersant Vlast' [Kommersant Power] Rossijskij gosudarstvennyj arhiv kinofotodokumentov [Russian State Archive of Film and Photo Documents], 5, 48, (2015). Available at: <http://www.rgakfd.ru> [in Russian] (accessed 11.05.2019).
6. Ömer K. «Osman batur ve Doğu Türkistan Milli Mücadelesi (1941-1951)» 1942 - 1946 arasında doğu Türkistan halkının durumu [«Osman batur and East Türkis from Milli Challenge (1941-1951)» 1942 - 1946 between the situation of the people of the eastern Türkis], doktora tezi Istanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Istanbul [doctoral thesis Istanbul Üniversitesi Social Sciences Institute doktora Istanbul], 464 (2009). [in Turkish].
7. Syroezhkin K. Mify i real'nost' jetnicheskogo separatizma v KNR i bezopasnost' Central'noi Aziji [Myths and reality of ethnic separatism in the PRC and the security of Central Asia] (Dajk Press, Almaty, 2003).
8. تەب 476 \_ سىناب سىلاب قىلچى جەم رۇ \_ سىمەرى جەش راتق اداس نۇك، عىلى روتك ادەر ىتپاۋاج. م ىلۇ كىلا 201 [Published in a short article: The Chronicle of Seekers] (Urumqi, 2010).
9. Oralay H "Elim-ajlapotkenomir" ["The Age of Life"] (Bilim, Almaty, 2005).

### *Автор туралы мәлімет:*

**Байгабылов Н.О.** – PhD, Әлеуметтану кафедрасының доценті м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Baigabylov N.O.** – PhD, Associate Professor of the Department of Sociology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.